Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Құмқұдық ауылдық округі жергілікті қоғамдастық өкілдерінің жиналыс
ХАТТАМАСЫ

Құмқұдық ауылы
Қатысқандар саны – 10 адам
Шақырылған: ауылдық ардагерлер және жергілікті қоғамдық кеңес мүшелері.

22 қаңтар 2026 жыл

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Құмқұдық ауылдық округі Құмқұдық ауылы көшелеріне баннер, билборд орнату жөнінде.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Құмқұдық ауылдық округінің әкімі Тілес Киікбайұлы Сарсенғалиев хабарлама жасады.

Құрметті ауылдастар! Қазіргі уақытта Құмқұдық ауылының ішкі көшелерге халықтың назарын аудару үшін іс-шаралар туралы хабарландыруларды, жарнамаларды, жарнамалық материалдарды және басқа да ақпаратты орналастыру мақсатында көшелердің көрнекті жерлеріне орнатылатын үлкен баннер, билборд ілу үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бір көзден сатып алуына байланысты жүргізіледі. Көшелерде ілініп тұған баннер, билбордтар халық назарын аудартады. Қазіргі уақытта бағдарламалар мен хабарландырулар көптеп келуде. Соған байланысты ауыл ішілік көшелерге баннер, билборд арқылы хабар беру жұмыстарын күшейту қажет деп ойлаймын. Сонымен қатар ауылымызға баннер, билборд жасауға 3 (үш) мердігер бағалық ұсыным беріп тұр. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 106-VIII Заңына сәйкес 16-баптың 3-тармағының 28-тармақшасы бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен келісім-шарт жіберу мүмкіндік болуына байланысты қажет деп ойлаймын

ШЫҒЫП СӨЙЛЕУШІЛЕР:

Мырзабаев.К. - жергілікті қоғамдық кеңес төрағасы – Ия, бүгін қаралған мәселе ауылымыздың көшелерінде халықты басты мәселелермен қамтамасыз етіп отыратын баннер, билборд орнатылуы дұрыс. Әлеуметтік желіден бөлек ауылымыздың орталық көшелеріне іліп қойған дұрыс деп ойлаймын. Мен ұсынысты қолдаймын.

Нургалиев.С. – жергілікті қоғамдық кеңес мүшесі – ауылдын көшелеріне бағдарламалар мен хабарландыруларды ескертіп отыратын баннер, билбордқа қарсы емеспін. Ауыл көшелері орталыққа, мектеп маңына, балабақша маңына ауыл тұрғындары көп аса жүретін жерлерге қойса өте жақсы болар еді.

Құмқұдық ауылдық округі жергілікті қоғамдастық өкілдерінің жиналысы **ШЕШІМ ЕТТІ.**

1. Күн тәртібіндегі хабарламаны еске алып Құмқұдық ауылдық округіне баннер, билборд орнату үшін бір көзден сатып алу ең төменгі баға берген «KEREGE STAGE» ЖШС мақұлдансын.

Жиналыс төрағасы **Мырзабаев Кенжебек Отарбаевич**

Хатшысы **Нұрғали Рүстем Жасланұлы**